



Ілияс Жансүгіров

ҚҰЛАГЕР

Ильяс Жансугуров

КУЛАГЕР



Ілияс Жансүгіров
ҚҰЛАГЕР

Ильяс Жансугуров
КУЛАГЕР

АЛМАТЫ
«ЖІБЕК ЖОЛЫ»
2006

ББК84(5Каз)7-5
Ж 26

. SEIMAR
SOCIAL FUND

Басылым «Сеймар» әлеуметтік қорының қолдауымен жарыққа шығарылды
Издание книги осуществлено при поддержке социального фонда «Сеймар»

Жансүгіров І.
Ж 26 Құлагер. - Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006. - 268 бет.

ISBN 9965-759-48-0

Қазақ әдебиетінің классигі Ілияс Жансүгіров шығармалары халқымыздың көркем сөз өнерінен айрықша орын алады. Оның «Құлагер» поэмасы және тағы басқа да шығармалары қазақ поэзиясының інжу-маржаны қатарынан саналады. Ақынның қайғылы тағдыры мен ақындық бет-бейнесі өзі жырға қосып, елеңнен ескерткіш соққан Құлагер образымен үндес, сабақтас.

Бұл жинақта дүлдүл ақынның «Құлагер» поэмасы мен «Жетісу суреттері» елеңі, сондай-ақ олардың орыс тіліндегі аудармасы қоса беріліп отыр.

Произведения классика казахской литературы Ильяса Жансугурова вошли в сердца читателей многих поколений. Знаменитая поэма «Кулагер» является жемчужиной казахской поэзии двадцатого столетия.

В настоящее издание наряду с поэмой «Кулагер» включена поэма «Картины Семиречья».

На казахском и русском языках.

ББК84(5Каз)7-5

^ 4702250202
430 (05^ - 06

ISBN 9965-759-48-0

© «Жібек жолы» баспа үйі, 2006

ҚҰЛАГЕР

(Ақын тағдыры)

I

Биылғы жыл - Қазақстан мен Ресейдегі Пушкин мен Абай жылы. Осыған орай бауырлас екі елде өтіп жатқан әдеби шаралар аясында біз қазақ әдебиетінің тарихындағы басқа да айтулы даталарды ұмыт қалдырмағанымыз жөн, өйткені бұлардың барлығы да туыстық пен жалғастықтың рухани арқауы арқылы бір-бірімен тығыз байланысып жатыр. Мұндай рухани қарым-қатынас бізді, ХХІ ғасыр өкілдерінің жан дүниесін толықтырып, байыта түсері сөзсіз, сондай-ақ бұл құбылыстар күні кеше ғана жұртшылықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған идеологиялық үстемдіктің, цензуралық өңін айналдырушылық пен бұрмалаушылықтың араласуынсыз, қоғамымыз дамуының табиғи қалып-арнасы бойынша, дәуірдің өзіндік тарихи-әдеби астары негізінде жүріп жатыр.

Биыл Ілияс Жансүгіровтің жиырмамыншы ғасырдың ұлы шығармасының біріне айналған «Құлагер» поэмасының 1936 жылғы қараша-желтоқсан айларында республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің бір нөмірінен соң бір нөмірінде жариялана бастағанына 70 жыл толады. Бұл - ақынның тақап келе жатқан репрессия зұлматы алдындағы халқына айтар өсиеті мен сақтандыру белгісі, тұтқынға түсер алдындағы соңғы поэтикалық Сөзі іспетті еді.

«1936 жылғы қараша мен желтоқсан айлары күні бүгінге дейін есімде анық сақталып қалды, - деп жазады ақын Сағынғали Сейітов өз естелігінде. - Мен ол кезде Орал су

транспорты рабфагының студенті едім. Ілияс Жансүгіровтің жаңа поэмасы «Құлагер» жарық көрген «Социалистік Қазақстан» газетінің кезекті нөмірін сатып алу үшін күнде таңертең ерте қалалық газет дүңгіршігіне барып жүрдім. Газеттің поэма шыққан бірде-бір нөмірінен құр қалмау үшін он алты күн қатарынан шіретте тұрыппын. Поэма оқырмандар арасында зор табысқа ие болды. Ақын, композитор және әнші Ақан сері жайлы, оның драмалық қарамақайшылыққа толы тағдыры мен өмірі туралы сыр шертетін, Жансүгіров шығармашылығының шыңы саналатын бұл поэма отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясының озық қасиеттерін бойына сіңірген туынды болды». Арада бір жыл өтпей жатып кітапханалар қорындағы «Құлагер» жарияланған газет нөмірлері тегіс құртылып жіберілді. Ал бұдан жиырма жылдан соң, Ілияс Жансүгіровтің есімі ақталсымен, қазақ балалар әдебиетінің классигі, мейірбан да ізгі жан Сапарғали Бегалин Фатима апай Ғабитованың үйіне осы сарғайған газеттер бумасын әкеп береді. Ол кісі газет бүктемелерін диванның жастықшасына тігіп, сақтап келген көрінеді. Тарих тасасында ұмыт қала жаздап, оқырмандарымен қайта табысқан «Құлагер» поэмасының тағдыры осындай.

II

Қазақтың ұлы ақыны Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 1 мамырда Қапал уезінің Ақсу болысында (қазіргі Алматы облысы) дүниеге келген. Ол бала жасынан араб тілінде хат танып, қазақ фольклорымен, халық арасында ауыздан ауызға тараған Абай, Базар, Ақан өлеңдерімен таныс болып, халық шығармашылығының қайнарынан сусындап өсті. Болашақ ақын өз әкесі Жансүгір Берсігүров жазып алып, хатқа түсірген суырып салма ақындар Сүйімбай мен Күнбала, Әсет пен Ырысжан, Жанақ пен Түбек, Кемпірбай мен Шөже, Біржан мен Сараның айтыстарына ден қойып, жаттап өсті. Мұның бәрі оның балаң санасына берік орнығып, кейіннен ақын қаламынан жиырмасыншы ғасырдағы қазақ

поэзиясының классикасына айналған өлеңдер мен поэмалардың тууына игі ықпалын тигізді. 1910-1917 жылдар аралығында жас ақын Ілияс Жансүгіров Ақсу өзенінің жағалауында орналасқан Қарағаш елді мекеніндегі атақты «Мамания» ақсүйектік мектебінде оқыды. Бұл мектеп қабырғасында әр жылдары кейіннен Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің белгілі қайраткерлеріне, қазақ ұлтының мақтанышына айналған көрнекті тұлғалар білім алған еді.

«Мамания» рухани-ағартушылық орталығы мен оның түлектері туралы белгілі қоғам қайраткері Жекен Қалиевтің құрастыруымен кітап жарыққа шықты.

Жиырманшы ғасырдың басында Дала төсінде болып өткен ұлы өзгерістер - жасампаз әрі прогрессивті оқиғалармен қатар, Орталық Азия халқын трагедияға ұшыратқан қырғын-нәубеттер, сонымен бірге жер жәннаты атанған туған өлкесінің тамаша табиғаты мен қайталанбас көрік-келбеті Ілияс Жансүгіровтің поэтикалық шығармашылығының негізгі арқауына айналды. Менің ойымша, ол сол кездің өзінде өз дәуірінің біртума, талантты ақыны болып үлгерген еді. Ташкент пен Мәскеу қалаларында оқуын жалғастырып, білім алуы оның шығармашылық қуатының артып, шеберлігінің шыңдалуына игі ықпал етті, поэтикалық көзқарасының эпикалық сипатын айқындап берді.

«Ілияс Жансүгіров шығармашылығының мәнін түсіну үшін, - деген болатын Олжас Сүлейменов 1974 жылы, ақынның сексен жылдық мерейтойы кезінде жасаған баяндамасында, - ондағы қазақ поэзиясында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа үрдісті атап көрсетудің маңызы зор. Жансүгіров үшін халықтың болашағы индустрияландыру және егін шаруашылығымен белсене айналысумен тығыз байланысты болды. Тіпті қарапайым диірменнің өзі оның қаламының ұшына ілініп, поэзия объектісіне айналады. Диірмен тасын ол жер-анамен теңестіріп, «тас шешей» деп атайды. Жансүгіров поэзиясында астыққа байланысты нәрсенің бәрі аналық қасиеттің айқын нышаны іспетті. Балаларға арналған диірмен туралы өлеңінде былай деп ой толғайды:

Тас сырылдап айналып,
Бірін-бірі жонады.
Тас ұршықтың тесігі
Мамадан бидай сорады.
Суыра сорған бидайын
Шайнап, жұтып, обады.
Майда, мала мамық ұн
Тас толғақтан туады.
Сырғыта айдап ақ ұнды
Кең шанаққа құяды.

...Бір кезде дала төсін әділеттілік жолындағы ерлігімен сүйсіндіріп, махаббат жайлы әндерімен тербеген әнші әрі сері Ақан трагедиясы ақын назарына ілігеді. Ақан сері қартайған шағында бар дүниеден баз кешіп, жалғыздық зарцабын тартады. Иық сүйер досы, сенімді серігі - Құлагер ғана. Поэмадағы Құлагердің портретін құштарлана, сүйсіне оқисың. Бұл - атқа орнатылған поэтикалық ескерткіш. Меніңше, біздің поэзиядан бұған тең келетін суреттемені табу қиын. Құлагердің «қыран иығының» өзі неге тұрады! Құлагер образы арқылы ақын жылқы малының әдемілігі мен бекзаттық тұлға-бітімін әспеттеп, паш етеді. Табиғаттың осы бір ерекше жаратылысына таң қалып, сүйсіне отырып, оны суреттеуде небір айшықты метафораларды аянбай молынан қолданады. Әдеміліктің жауы - сүреңсіздік пен жұтаңдық. Құлагердің бәйгедегі қарсыласы Көктұйғын деп тегіннен тегін аталмаған. Оның иесі Батыраш бай арам ниетпен бәйгеге қанды қол қарақшысын жібереді, сөйтіп алмас жүзді айбалта ағындап келе жатқан Құлагердің жолын шорт кеседі. Үмітіне балап үкілеген Құлагердің өлімін халық күңірене аза тұтады. Өмірдегі соңғы тірегінен, досынан айрылған Ақан зары халықтың мұң-зарына ұласып, әнге айналады».

II)

Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы туралы әр жылдары белгілі әдебиетші ғалымдар, академиктер мен докторлар, жазушылар мен ақындар қалам тербеді. Ақын шығармалары біздің дәуіріміздің әдеби игілігі, егемен Қазақстанның барлық азаматтарына ортақ мұра болып табылады. Қазіргі кезде ақынның биобиблиографиялық жинағын дайындап, жарыққа шығару қажет деп ойлаймын. Оған ақын творчествосы туралы соңғы жылдардағы ғылыми-зерттеу материалдарын, идеологиялық талапқа сай бұрмаланған жерлерін қалыпқа келтіріп, сараптай, нақтылай отырып, ертеректе жарыққа шыққан шығармаларын, өмірі мен шығармашылығына арналған мақалаларды енгізу қажет. Мәскеуден жарық көретін «Тамаша адамдардың өмірі» сериясы бойынша қазақтың ұлы ақыны Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы туралы кітап шығару қажеттігі баяғыда туындағаны даусыз.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, Қазақстанның Ресейдегі жылын өткізу кезінде, маған Мәскеудің «Русская книга» баспасынан бірқатар қазақ ақындарының өлеңдерін орыс тілінде жарыққа шығаруға дайындауға тура келді. Мағжан Жұмабаев, Жұбан Молдағалиев, Олжас Сүлейменов, Жүмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаевтың шығармаларымен қатар Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің қолжазбалары да баспаға дайындалды. Алайда сталиндік қуғын-сүргін науқаны кезінде жазықсыз құрбан болған қазақ поэзиясының екі классигінің кітаптары маған белгісіз бір себептермен осы аталған «Қазақстанның Ресейдегі жылы» сериясымен жарыққа шықпай қалды. Мен бұл мәселе жөнінде сұрау салғанымда, Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің шығармалары Мәскеуде өткен ғасырдың әр жылдарында жарық көрген деген сырғытпа жауап алдым. Иә, әрине, жарық көргені рас, алайда біздің сөреміздегі кітаптардың қатары толмай, әрқашан жұтаңсып тұрғаны да жасырын емес, өйткені онда көп жылдар бойы есімдерін атауға тыйым салынған ақындардың шы-

фармалары жетіспейтін еді. Тек егемендікке қолымыз жеткеннен кейін ғана «өзгелермен қатар» мұқабаларына Абай, Шәкәрім, Жамбыл, Сұлтанмахмұт, Бернияз, Қошке, Міржақып, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет есімдері жазылған кітаптарды көретін болдық.

Аталмыш поэтикалық есімдердің көпшілігінің, бұл өмірде мүлде болмағандай, сызылып тасталған кездері де есімізде. Алайда мәдениетімізде үлкен із қалдырған мұндай абзал жандардың есімін ұмытып, санамыздан сызып тастауға бола ма?! Герольд Карлович Бельгер «Ілияс Жансүгіровтің аудармалары туралы этюдтер» атты бірегей кітабында (бірегей деп отырғаным жан-жақты әрі өте тыңғылықты әдеби талдау жасағаны мағынасында) былай деп жазады:

«Ал екінші томның жауапты редакторының (1937 жылғы басылымы), редакцияның жауапты хатшысының, «Евгений Онегиннің» және Пушкиннің тағы да 29 өлеңінің аудармашысының (ол Ілияс Жансүгіров болатын) аттары барлық жерде тушь жағылып, өшіріліп тасталған. Екінші томның, редколлегиясы мүшелерінің ішінде М. Әуезов, С. Муканов, Ғ. Мүсіреповтің есімдері ғана аман қалыпты. Пушкин лирикасын аударған тағы бір адамның фамилиясы сызылған. Кітапхана қызметкері, тарих ғылымдарының докторы менің танысым еді, сол кісі ешкімнің көзіне түспейтін бір қуысқа барып, өшірілген фамилияны анықтап көрмек болып лупамен ұзақ қарайды. Онда «audargan Otebaj» деп жазылғанын айтып, ол мені сендірмек болды. Шынында да солай ма және ол не қылған Өтебай - ол арасын айта алмаймын.

Пушкиннің прозасы енген үшінші томда («Дубровский» - аударған адамның аты сызылған; «Капитан қызы» - аударған К. Тайшанов; «Станция қараушысы», «Горюхин селосының тарихы», «Қарғаның мәткесі» - аударған Қ. Сағынцықов) редколлегия мүшелерінен тек Т. Арыстанбековтың есімі ғана аман екен, қалған екі фамилия өшіріліп тасталыпты. Жауапты редактордың аты жазылған жер де тушьпен боялған.

Сол кездегі Пушкин мерейтойына арналып шығарылған кітаптардағы адам айтқысыз сорақылықтар осындай. Сол бір келеңсіз кезде Пушкин өлеңдерінің қазақ тіліндегі үш томдығын жарыққа шығару, бір жағынан, қазақ қоғамының мәдени дәрежесін танытса, екінші жағынан, қазақ сөз өнері шеберлерінің азаматтық батылдығы мен ерен ерік-жігерлерін айғақтайды».

Айта кететін бір жәйт, «Ілияс Жансүгіровтің аудармалары туралы этюдтер» атты кітабында Г.К. Бельгер Ілияс Жансүгіровтің «Евгений Онегин» романының аудармасына соңғы сөз ретінде жазған шағын мақаласын өз аудармасында ұсынады. Ақын бұл поэманы адам сенгісіз қысқа мерзім ішінде - алты айда аударып шыққан көрінеді.

«Біз мүмкін болған жерлерде Пушкиннің поэтикалық сөзінің суретін, поэтикалық тармақтарының формасын, көркемдік айшығын қазақ тілінің табиғаты мен ерекшелігіне жақындатуға тырыстық. Өлең өлшемі қазақтың құлағына жат, тосын естілмеуін және Пушкин өлеңдерінің тармақтарын артық сөз қосып, жасанды түрде «ұзартумен» қатар, «кесіп, қысқартып» тастамауды да ескердік. Біз түпнұсқаға мейлінше жақын өлшемге тоқталдық. Бұл өлшем романда басынан аяғына дейін сақталған онегиндік шумақтың формасына өте жақын келеді. Егер қазақ өлеңінің силлабикалық формасы мен орыс өлеңінің тоникалық табиғатын ескерсек, «Евгений Онегинді» аудару үшін біз таңдап алған өлшем поэманы жазуда қолданылған терт буынды ямб өлшеміне өте сәйкес деуге болады. Бұл өлшем екпін түсірілетін буындарды, тоникалық өлшемін, тынысын, түпнұсқалық нақышты неғұрлым дәл бере білуге мүмкіндік туғызады. Дәстүрлі қазақ өлеңінде сөйлем поэтикалық тармақтың ортасында аяқталмайды. Сондықтан тармақ ішінде тыныс белгілерін қоюға ешқашан назар аударылған емес. Ал бұл поэмада бәрі басқаша: сөйлемнің тармақ ішінде аяқталуы, үзіліп кетуі, келесі жолға көшірілуі сияқты жәйттер кездесіп отырады. Сол себепті, мағынасын дұрыс қабылдап, ұғыну үшін тыныс белгілеріне аса мән беріледі.

- Қысқасы, өз аудармамызда біз қазақ өлеңінің ежел-

цен қалыптасқан, қарапайым, қалыпты формаларын Пушкинге тықпалап, жапсыруға тырысқан жоқпыз, керісінше, қазақ өлеңін Пушкин үлгілеріне жақындатып, жанастырдық. Біз бұл жолдың өте қиын әрі жауапкершілігі мол екенін біле тұра, әдейі соны таңдап алдық. Ақын туындыларының мазмұнын ғана емес, формасы мен сөз құрылымын айқын бейнелеп-бедерлеуге, басқахалықтардың әдебиетіне жаңалық енгізуге мүмкіндік беретін жалғыз және тікелей жол осы екенін түсіндік.

Аударма жұмысы асығыстау жағдайда орындалды, өйткені ұлы ақынның үлкен туындысы саналатын «Евгений Онегиннің» аудармасына кешігіп кіріскен болатынбыз. Асығымыздың себебі Пушкин қазасының жүз жылдығы жақындап қалуына байланысты еді. Біз бұл датаны міндетті түрде «Евгений Онегин» поэмасын қазақ тілінде жарыққа шығару арқылы атап өтуді жөн көрдік. Сондықтан асығыс шығарылған басылымда өттеген-ай дегізетін олқылықтар мен кемістіктер болуы мүмкін. Аударма қайта қарап, түзетіп, жақсартып түсуді қажет етеді. Мұнымен аудармашы үнемі айналысуы тиіс».

Сол кездің өзінде «Дала», «Күй», «Күйші» тәрізді үздік поэмалардың және «Құлагер» сияқты реквием-поэманың авторы бола тұра, аудармашының өзіне-өзі сын көзбен қарауы мен жоғары жауапкершілігі аса таң қалдырады.

«Құлагер» поэмасы - Ілиястың аққу әні, - деп жазады ақынның қызы Ильфа Ілиясқызы Жансүгірова-Жандосова, - ұлы ақынның өлер алдындағы жан айқайы. Бұл - оның қазақхалқын барлық болашақ кезеңдерде сақтандыруы».

Ақын әрі әншінің еркіндікті аңсаған жан дүниесінің поэтикалық бейнесі - Құлагер образы арқылы Ақан тағдыры ақын Ілиястың тағдырымен үндесіп, сабақтасып жатыр. Мен бұл жерде ішкі түйсік-сезімім арқылы тағы бір ұлы ақын - Мағжан бейнесін көз алдыма айқын елестетемін. Поэтикалық сөзі мәңгілік жасайтын ақындардың барлығының да тағдыры ұқсас келеді, ол - «жарқын да қайғылы» тағдыр - Ақын тағдыры.

Сол бір кезеңдердегі материалдар мен құжаттарға көз

жібере отырып, қазақ зиялыларының алғашқы шоғыры қалыптаса бастаған шақтағы жаңа өмірдің жасампаздық сипатына қатысты «жаңа - ескі» ұғымдарының төңірегінде жүргізілген көкейкесті пікірталастар мен дискуссияларды еске алайықшы. Қоғамның алдыңғы қатарлы азаматтары тұрмыстың барлық саласында - қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және ғылыми-ағартушылық салаларында өз халқының болашағы жолындағы жауапкершілікті шын мәнінде өз мойнына алды. Өкінішке қарай, революциялық ағынның қай жағалауында тұрғанына қарамастан, олардың бәрін де репрессиялық жазалау шаралары күтіп тұрған еді.

Ілияс Жансүгіровтің өмірбаянына қатысты тарихи құжаттардың ешқайсысында оның Мағжан Жұмабаевпен кездескені туралы айтылмайды. Мен бұған әсте сенбеймін. Әр оқу орнында оқығандарымен, қазақ поэзиясының жастары жағынан қатарлас қос жарқын өкілі Мәскеуде бір уақытта бола тұрып, жолдары түйісіп, кездеспеулері мүмкін емес! Сол кездегі Мәскеудің әдеби өмірінің қым-қуыт тірлігіне араласып жүргенде, олардың бір сәт болсын жүздесіп, дидактасқанын айғақтайтын деректер табылып қалар деген ойдамын.

Өзімнің жорамалыма қатысты мына бір қисынды дәлелді келтіре кеткім келеді. Бұл Ақан сері мен Құлагер образдарына байланысты.

Мағжан Жұмабаевтың өткен ғасырдағы жиырмасыншы жылдардың басында жарық көрген «Ақын Ақан» атты кең көлемді ғылыми мақаласы бар. Сөз өнерінің зергері Ілияс Жансүгіров Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын біліп, бағалап қана қоймай, «Құлагер» поэмасын жазуды ойластырып, толғатып жүргенде, ақын әрі композитор, дала серісі Ақан туралы мақаланың рухын өзінің ақындық жүрек-ділімен қабылдаған да болар деп ойлаймын.

Ілияс Жансүгіровтің ұлы талантының күш-қуатына байланысты ерікті және еріксіз түрде мынандай бір поэтикалық миф көз алдыға елестейді: өзінің артына өлмес те өшпес әндерін қалдырған Ақан серінің өмірден өтуі, ұрпақ-

тарына мәңгілік мура мирас еткен Мағжан мен оның үзеңгілес жолдастарының түрмеге қамалып, айдауда жапа шегуі, одан кейін сталиндік капастарда қаза табуы, бізге баға жетпес өлеңдері мен поэмаларын сыйлаған жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтің өзінің тұтқындалатынын, сол жерде дәм-тұзының таусылатынын күні бұрын сезуі - осының бәрі ұғып-білмес әлдебір құпия, жұмбақ сырмен сабақтасып жатқан тәрізді сезіледі. Ілияс Жансүгіров сомдаған бейнелердің ішінде шоқтығы биік болат тұяқ Құлагердің екпінді шабысы ғасырлар дүбіріне ұласты, оның дабысы қазақ халқының сөз өнері тірі тұрған кезде әрқашан жаңғырығып естіле бермек.

Бақытжан Қанапиянов

ҚУЛАГЕР

Толғану

Тасқында тау суындай, көңіл жыры,
Қазақтың сусындасын ойы-қыры.
Бұрқырат бұлағынды кең далаңа,
Бастырмай шөпке-шарға тоқтап құры.

Далаңның той болғанда бүгін күні,
Жүйріктей бабындағы жүгір, міні;
Орай шап алдын, артын жиын жұрттың,
Жыр қыла бүгінгіні, бұрынғыны.

Шарықта шартарапқа, қиял құсы,
Көңілдің кеп тұрғанда күнді алғысы.
Халқыңның қуанышын қанат қып қақ,
Қашан да қала берер ұяң кісі.

Қашаннан қазақ көшкен тарих көші,
Таланып жаудан. жұрттан жеткені осы,
Көсемі кеіі алдында басшы болып,
Бақыттың жайлауына қонған тұсы.

Шат көңіл, шадыман жұрт ақынысың,
Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысың;
Баласың бақытты елге, түс майданға,
Халқыңның қайратысың, ақылысың.

Тілісің, теңіз көңіл, батылысың,
Өткір ой, сезгір сезім батырысың;
Желіндей қуаныштың жеделдей соқ,
Өлеңнің өзені бір сапырылсын.

Күйіндей домбыраның құлдырасын,
Суындай Алатаудың сылдырасын;
Сөздердің асыл, көркем тасын қала,
Ұйқасы өлеңімнің сыңғырасын.

Тегінде кәр құлақсың, сұңғыласың,
Сондықтан сұлу сөзді жыр қыласың.
Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай,
Я көрсін, я көрмесін тұрғыласым.

Ұзаққа жүгіретін өрен жүйрік,
Секілді тыз етпеге қақпай күйбік,
Көсіліп өресі ұзақ поэмаға,
Жай тастап, кең құлаштап желдей жүйткіп.

Десе де "Бұл ақынның сөзін сүйдік",
Десе де "Ақынымыз кетті жидіп";
Тастай бер ортасына өз сөзіңді,
Ұлы ұрпақ, осы күні көпте билік.

Халқымның қуанышты бұлбұлымын,
Жұртымның жүйрігінің дүлдүлімін.
Көтеріп көптің кеңілін күнде шауып,
Жүлде алар жұма сайын туды күнім.

Шат елдің шешөнімін, даңғылымын,
Шыным сол, правом бұл, заңды мұным.
Астана Алматыдан саңқылдасам,
Жетпей ме жер жүзіне жаңғырығым?

Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,
Көңілі судай тасып, оттай маздап.
Ескі күн елім көрген енді ойласам,
Көрінер кейде қорлық, кейде мазақ.

Соларды әдетім еді айту аздап,
Ескіге ендігі елдің кегін қозғап;
Ескі күн - елдің жылап өткен күні,
Ескі ән, күй сондықтан қалған боздап.

Ежелден ескеруші ем елдің сөзін,
Бұлақтың тазалауға тінтіп көзін.
Бар ма деп ашпаған сыр, айтпаған жыр,
Құлақты қырға түріп жүрген кезім.

Ақтарып асыл сөздің алтын, жезін,
Салатын дүкеніме бар мінезім.
Ақтарған Арқа астын инженермін,
Ал, жұртым, керегіңе тұрса сөзім.

Өзгеге ұғындырмас өзі бұзбай,
Сыншыдан сақта, құдай, сортаң тұздай.
Шатасқан шалдуардан жиіркенем,
Елімнің ескісінен сөз айтқызбай.

Сапырған сырлы сөзді сар қымыздай,
Заманның отырғам жоқ салтын бұзбай;
Асылын арамынан аршып алдым,
Қашаннан қазынаға халқымыз бай.

Туған жер

Мен өзім тауда туып, тасында өстім,
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім;

Асқарда Аршалыға қозы жаиып,
Бұлттың аспандағы қасында өстім.

Жөңкенің жоғары ала басында өстім,
Ақ гауһар Ақтастының тасында өстім.
Аспанда ақиығы шаңқылдаған
Құздардың құламалы астында өстім.

Сондықтан бір қазақпын тауды сүйген,
Тасы жоқ, таусыз жерді жерсінбеген.
Алматым Алатаудың бауырында,
Аңқылдап жел соққандай ән мен күйден.

Жасымнан жырлап едім тауды талай,
Гималаи, Кавказ, Жөңке, Алтай, Алай.
Ордасы ой-көңілімнің ала асқарлар
Жырлатпай жүрегімнен жатсын қалай?

Таудағы тасқындаған ағын судай,
Өлеңім басталады таудан ұдай.
Әсемін әңгіменің көп таратқан
Айтылмай қалған екен тау мынадай:

Көк орман, көркем тоғай маужыраған,
Сұлудың көзіндей көл жаудыраған.
Малта тас, маржан, ақық, меруерт тас
Төгіліп көл жиекке саудыраған.

Көк кілем, балаусасы балбыраған,
Көк жібек жапырағы жалбыраған.
Ақ қант аспандағы сонда жауып,
Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған.

Бұл тауды іздейміз бе біздер шеттен,
Талайы осы таудың бізге біткен.

Мақтауға, мақтануға тұратын жер,
Айтамын Көкшетауды даңқы кеткен.

Оқжетпес оқшырайып өрлеп кеткен,
Кеудесін керіп көкке сермеп кеткен.
Қия құз, жақпар сарай, бура тастар
Тәртіппен көлді айнала сәндеп шбккен.

Кавказдай таласпайды аспан-көкпен,
Қаһарлы Хантәңірі емес қар бекіткен;
Алтайдай асу бермес асқар емес,
Жөңкедей жолсыз емес құж-құж біткен.

Көкшетау - жер жаннаты жеке біткен,
Бұл сұлу кең далада бойын күткен.
Жомарт тау дастарқанды, момақан тау,
Шипа тау тазартатын барлық дерттен.

Көкшетау - көп жердің бір көркем жері,
Қыз орман, Бурабайдың мөлдірлері.
Жамылып жасыл барқыт, асыл құндыз,
Түрленген тоты құстай тау көркемі.

Сайраған бұлбұлындай әншілері,
Зулаған дүлдүліндей жүйріктері.
"Хан тұрып қазағыңа, ханды ант ұрған",
Қонысы Абылайдың бір күндегі.

Қазақтың әсем жері - Арқасында,
Арқаға жетер Арал, Балқашың ба?
Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар
Арқаның тізілгендей алқасына.

Арқаның алқа қонған даласына,
Ауылдай таулар отыр жарасымда.

Алапқа бетегеден киіз төсеп,
Оранған орманды тау ағашына.

Бұлақтың тәттісі де, тазасы да,
Көлдердің кең, мөлдірі тап осында.
Айдыны ала шұбар, құс қиқулар,
Ауыл, мал масаты көл жағасында.

"Ауылы Сырымбеттің саласында,
Ақ сұңқар ғашық болып баласына".
Құмар боп жерден жүйрік, көктен құсқа,
Тұр таулар ән шырқалған арасында.

"Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр,
Дүниеден аулақтанған дабыр-дүбір,
Қара шал қайыңды отыр көлеңкелеп,
Бір қу бас шал үстінде ілулі тұр.

Неткен жан, әлде даңғыл, әлде мұңғыл?
Бұл өзі ән күңіrentіп, айтады жыр" -
Осылай ертегі қып кетуінде
Елдің де ескі аузында жоқ па екен сыр?

Салғанда шалқып, шырқап әр түрлі әнге,
Осы шал ұқтырғандай көп әңгіме.
Жетісу, Ертіс, Арқа жүрген жаттап
Байбайлап салған әнін "Құлагерге".

Кетсе де шалдың өзі көптен көрге,
Жайылған әні, сөзі жалпақ елге.
Елімнің есігінен иттер қуған
Сорлының сүйреген ел басын төрге.

Жақсының жақсылығын жан айтады,
Сондықтан "Құлагерді" бәрі айтады.

Егіліп әндеріне, сөзін тыңдап,
Ерінді ел қиялы дардайтады.

Қазақта Құлагерді көп айтады,
"Серінің серігі еді" деп айтады.
"АТ сыры иесіне мәлім" деп жұрт,
Тегінде мал кермесе, неге айтады.

Заманда сонау сарсаң Ақан туған,
Ол заман - ерге тұсау, зорға думан.
Жалмап жеп айналасын аш кенедей,
Семірген жұрт қанына нелер жуан.

Хан қабан - халық құлағын бұрап тұрған,
Бүйі би - билеп-төстеп сұрап тұрған.
Қор қылып ақ алмасты отқа кесеп,
Жүз-жүз жар теңін таппай жылап тұрған.

Барымта - ел шулатып жылқы қуған,
Әуілдек батыр шыққан әрбір рудан.
Ел құнға жұма сайын бір жығылып,
Қара нар, қалы кілем бітім қылған.

Қанды кек ел арасын ушықтырған,
Қорқауды қол табылмай тұмсыққа ұрған.
Асыл ер, арманда жар опық жеген,
Албасты әлсіз жанды тұншықтырған.

Қырдағы қара сойыл бақандаған,
Қалада қара жүрек қаһарланған.
Тұсында сері болсын, пері болсын,
Ұнайды өмірімен Ақан маған.

Ол күнде қазақ мұндай жасармаған,
Құл мен күң қожасынан аса алмаған.

Жарлыға, жалғызға да дес бермеді,
Жыландай ысқырынған зәһар заман.

Керексіз кісі болған ол заманға,
Қайткенмен бір жұмбақ сыр бар Ақанда.
Ез болмай, елге сыймай кім тұра алған,
Жалғыз боп жанаса алмай барлық жанға.

Түскен жан сондай күйге сұм жалғанда,
Ескеріп енді ойлансақ тегін жан ба?
Қыңыр жан қырық кісімен қырық пышақ боп,
Ел таппай өте берген неге арманда?

Ішінде өрті жанып басылмастай,
Шемендеп дерті кеткен ашылмастай.
Тентіреп тауда, таста неге жүрді,
Тасталып танылмаған асыл тастай?

Бай басып, батыр әлде жасқаған ба,
Би тауып, шерін шындап ашпаған ба?
Сұңқар құс сүймеген бір жұмыртқасын
Ұядан садағалап тастаған ба?

Таба алмай тыныштықты туған елде,
Кете алмай біржолата бөтен жерге,
Тартқанда жалғыздықтан жаны қорлық,
Тесеген талай ерлер оққа кеуде.

Жақсы боп елден елім талай ерге,
Аз ба екен оққа ұшқандар дуэльдерде?
Әлімді жан қорлықтан жақсы көрген
Не дейміз Лермонтов пен Пушкиндерге?

Өмірде бастырмастан кеңілін өрге,
Кім еді ел талантын тыққан жерге?

Қыз емес, қара күш пен қаңқу сөздер
Ертерек ер жүрегін көмген көрге!

Өмірде солардайын қорлық тартқан,
Сұм заман өткір жанды қор қып баққан.
Жаралап ер жүрегін жау қанжары,
Ысқырып жылан өмір жанын шаққан.

Лермонтов болмағанмен біздің Ақан,
Кісі ме ед ақындықтан құр алақан?
Ортасын олқы көрген бұл да дара,
Имеген иттерге бас сері, дарқан.

Еріксіз ерте туған ел еркесі,
Жетпестен қиылатын ер желкесі.
Лермонтов, Пушкин - көктен атылған құс,
Түскен бе Көкшетауға көлеңкесі?

Қайт болып қара күштен меселдесі,
Халықтың қайғыда өткен нешен досы.
Жаныштап жұрттың жанын жерге тыққан
Қара күш, қаңқу сөздер - кесел де осы.

Тегінде тегін бе екен Ақан сері,
Бұл да бір емес пе екен елдің ері?
Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді?

Туғаны - Арқадағы Арғын елі,
Өскені - Көкшетаудың шалғын жері;
Ащы тіл, асау мінез қылығынан
Атанып кетпеді ме "азғын", "пері"?

Лақабы - әлде әулие, әлде пері,
Арқаның атақтысы Ақан сері.

Көкшеде сұлу сүйіп, өлең айтқан,
Бұлаңдап тақымында Құлагері.

Көкшеге жаз көк жібек жапқандайын,
Көкшеге қыс ақ күміс шапқандайын.
Көкше қыз күзде киіп қырау ішік,
Көк айна - көлі қыста қатқандайын.

Жамылған қыста ақ үзік ақ қардайын,
Төселген жазда кілем мақпалдайын,
Қырдағы ел "Құлагердің" әнін тыңдап,
Былайша әңгімелер Ақан жайын:

Ақан

Бурабай бір таза жер "пері" жүрген...
Онда жоқ жын мен сайтан өріп жүрген.
Ағашқа атын байлап көлеңкелеп,
Ақан ғой анда-санда келіп жүрген.

Ақандай осы тауда сері жүрген,
Су ішіп, тауда шие теріп жүрген.
Қайыңдай мінсіз, таудай таза жігіт,
Көң-қоңыр, былапыттан жеріп жүрген.

Жасынан иеленген баласындай,
Талпынып Көкшетауға анасындай.
Көліне бетін жуып, ат суарған
Арқаның бір сиқырлы айнасындай.

Сұрша тал - сұлу қолдың саласындай,
Қып-қызыл қайың - қыздың баласындай.
Жамылған жанат ішік, мөлдір сұлу,
Көзінің Көкше көлі шарасындай.

Кісі емес Ақан төрде билік айтқан,
Ұры емес ауыл торып, ел шулатқан.
Молда емес мешіт салып, зекет алып,
Нәжісін дүниенің бойға жаққан.

Ол емес және өзінің малын баққан,
Жалшы емес және байдың отын жаққан.
Кісіні ит етінен жек көретін
Дау қуып, арыз айтып, биге шаққан.

Төренің тұсындағы қасына ерген,
Өзін ел құрмет қылған көрген жерден.
Жерлерді тоқты сойған топыр қылып,
Сал сүрей, саңлақ мініп, сұлу сүйген.

Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен,
Өмірді өткізген жан өз ырқымен.
Өмірдің ащы емес, тұщысын да
Қызықтап жігіт ойын, қыз күлкімен.

Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден,
Көп сұлу көзін сүзген күнді өткізген.
Қызықтың айдынына құлаш ұрып,
Армансыз қаздай қалқып, құдай жүзген.

Солардан келе-келе жаны безген,
Өмірде әлсіздігін әбден сезген.
Сезгір жан, нәзік көңілін азап алып,
Жабырқап жапан түзді жалғыз кезген.

Кісі емес көп қатынды үйірлеген,
Болған жоқ бір пендеге тию деген.
Текті құс тазалықты қолына ұстап,
Арманы-ақ сұлулықты сүю деген.